



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті
Мәжілісінің депутаттарына

2026 жылғы 22 мамырдағы
№ ДЗ-166

Құрметті депутаттар!

Сіздердің халықтың денсаулығына, әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізетін келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Есірткіге тәуелділіктің, алкоголь тұтыну мен лудоманияның алдын алу – қоғамның денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін өте маңызды мәселе. Сондықтан мұндай тәуелділікке жол бермеу мақсатында Үкімет жүйелі түрде шараларды іске асыруда.

Бірінші, есірткіге қарсы саясатты іске асыруға бағытталған стратегиялық құжат бекітіліп, Үкімет жанынан консультативтік кеңес құрылды.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға бекітілген кешенді жоспар заңнаманы жетілдіруге, профилактикалық жұмысты дамытуға, құқық бұзушылықтың алдын алудың цифрлық құралдарын енгізуге, медициналық-әлеуметтік оңалтуды кеңейтуге және ведомствоаралық өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған шараларды қамтиды.

Анықтама: есірткіге тәуелді адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтумен қамтуды кезең-кезеңімен 2026 жылы 31 %-ға, 2027 жылы 33 %-ға және 2028 жылы 35 %-ға дейін ұлғайту, сондай-ақ «Асар» тәжірибесі негізінде оңалту моделін ауқымдау және амбулаториялық көмек көрсету нысандарын дамыту көзделген.

Сонымен қатар халық денсаулығын қорғау мәселелері бойынша Үкімет деңгейінде ұлттық үйлестіру кеңесі құрылды (2026 жылғы 16 сәуірдегі № 49-ө өкімі), оның құрамына орталық мемлекеттік органдардың және халықаралық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Екінші, темекі және алкоголь өнімдерінің жарнамасына цифрлық және онлайн - арналарда бақылау күшейтілді.

Телекоммуникация желілерінде темекінің және алкоголь өнімдерінің айналымы мен жарнамасын бақылау жұмыстарының нәтижесінде биылғы 1 қаңтар – 25 мамыр аралығында есірткіні, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын насихаттайтын 6 524 материал анықталды.

493 интернет-ресурс пен сілтемеге қолжетімділікті шектеу туралы 33 нұсқама шығарылып, 34 заңсыз материал бойынша ескерту хаттары жіберілді.

Әлеуметтік желілерде 5 997 заңсыз материал анықталды, онлайн-платформалар әкімшіліктерімен өзара іс-қимыл нәтижесінде материалдардың 76 %-ы (4 533) жойылды.

Үшінші, құмар ойындар саласын реттеуге қатысты заңнамалық түзетулер қабылданды.

Анықтама: 2024 – 2025 жылдары мынадай заңнамалық түзетулер қабылданды: бірыңғай борышкерлер тізіліміне енгізілген адамдардың құмар ойындарына қатысуына тыйым салу;

мемлекеттік қызметшілердің, әскери қызметшілердің, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуына тыйым салу;

букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасын шектеу;

құмар ойындарын жарнамалайтын SMS-хабарламаларды таратуға тыйым салу;

құмар ойындарына қатысуға өзіне-өзі шек қою мерзімін 10 жылға дейін ұзарту;

заңнама бойынша қатысуына тыйым салынған адамдарды ойынға жібергені үшін ойын бизнесін ұйымдастырушылардың әкімшілік жауапкершілігін енгізу.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде букмекерлік кеңселердің 2 мыңнан астам жарнамалық құрылғылары демонтаждалды.

«Кибернадзор» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған Бірыңғай есепке алу жүйесі арқылы заңсыз 55 мыңнан астам интернет-казино бұғатталды.

«Egov» порталы арқылы құмар ойындарына қатысуға өзіне-өзі шек қою сервисі іске асырылды. 2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша берілген өтінімдер саны 463 829-ды құрады, оның ішінде 48 %-ы (224 793 өтінім) белсенді болып табылады.

Төртінші, жастар арасында профилактикалық жұмыстары күшейтілді.

«Адал азамат» бірыңғай тәрбие беру бағдарламасында 14 мемлекеттік органмен бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілген. Оның аясында барлық мектептерде 130 тақырып бойынша «Қауіпсіздік сабақтары» енгізілген. Онда алкоголь, темекі және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну мен таратудың зиянды салдары туралы ақпарат қамтылған.

Құқықтық тақырыптағы деректі фильмдерді көрсету тәжірибесі енгізілді. Биылғы 2 ақпан – 30 сәуір аралығында еліміздің барлық өңірлерінде тақырыптық деректі фильмдері көрсетіліп, 1 миллионнан астам жоғары сынып оқушысы (8 048 мектеп) және 450 мың студент (763 колледж) қамтылды.

Ата-аналардың құқықтық және педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында әрбір мектепте Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылды. Биылғы оқу жылында бұл орталықтарда 315 мың іс-шара ұйымдастырылып, 3,5 миллион адам қамтылды.

Нашақорлықтың, алкогольді шамадан тыс тұтынудың, темекі шегудің және құмар ойындарына тәуелділіктің алдын алу мәселелері тұрақты бақылауда.

О. Бектенов

*Орынд. Бекжанова А.
тел. 750002*